

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК
КОРПОРАЦИЯСЫ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ФИРМАЛЫНЫҢ ӨСКЕМЕН
ҚАЛАСЫНЫҢ ТІРКЕУ ЖӘНЕ ЖЕР КАДАСТРЫ БӨЛІМІ

2024 ж. «14» 03 Тіркелді
Құрылтай құжаттарына (ережеге) енгізілген
өзгерту мен толықтырулар
БСН 101140011804

«Шығыс Қазақстан облысының
Қаржы басқармасы» ММ
2024 жылғы «29» ақпан
№ П-88 (к) бұйрығымен
БЕКІТІЛДІ

**Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы
Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің
«№ 8 «Мирас» балабақша-бөбекжайы»
коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының
ЖАРҒЫСЫ**

1. Жалпы ережелер

1. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «№ 8 «Мирас» балабақша-бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

2. Кәсіпорынның құрылтайшысы «Шығыс Қазақстан облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі атынан Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі (бұдан әрі - Жергілікті атқарушы орган) болып табылады.

3. Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының «Өскемен қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Білім беруді басқару органы) болып табылады.

4. Кәсіпорынға, кәсіпорынның мүлкіне қатысты құқық субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын орган «Шығыс Қазақстан облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган) болып табылады.

5. Кәсіпорынның атауы:

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «№ 8 «Мирас» балабақша-бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

6. Кәсіпорынның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Шәкәрім даңғылы 157/2 үй, пошта индексі 070002.

2. Кәсіпорынның заңды мәртебесі

7. Кәсіпорын мемлекеттік тіркелген кезден бастап құрылған болып есептеледі және заңды тұлға құқығына ие болады.

8. Кәсіпорынның заңнамаға сәйкес дербес балансы, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және кәсіпорынның атауы бар бланкілері, мөрі болады.

9. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, кәсіпорын заңды тұлғаларды құра алмайды, сондай-ақ басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

10. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құра алады.

11. Кәсіпорын жасасатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті мемлекеттік немесе өзге де тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, тіркелген кезден бастап жасалған болып есептеледі.

3. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Кәсіпорын қызметінің мәні мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласында білім беру қызметін жүзеге асыру болып табылады: 2 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды қарау, күту, тәрбиелеу және сауықтыру.

13. Кәсіпорын қызметінің мақсаты балаларды тәрбиелеудің, оқытудың, дамыту мен сауықтырудың бірлігі қағидатын ескере отырып, мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігін қамтамасыз ету; әрбір баланың бейімділігін, бейімділігін, қабілетін, дарындылығын іске асыруға және оны даму ерекшеліктері мен денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсіл негізінде бастауыш білім берудің білім беру бағдарламасын игеруге дайындауға бағдарлау болып табылады.

14. Қойылған мақсатты іске асыру үшін кәсіпорын мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) Мектепке дейінгі білім беру (ЭҚЖЖ 85.10.0)

- ата-аналардың (заңды өкілдердің) мүдделерін ескере отырып, ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілерді тәрбиелеу және оқыту;
- мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы бойынша жас топтарында (ерекше білім беру қажеттіліктері бар үш тәрбиеленушіден артық емес), оның ішінде қысқартылған немесе жеке;
- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарынан тыс мектеп жасына дейінгі балаларға арналған тегін негізде (мәдениет және өнер саласындағы бейімділіктер мен мүдделер) қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыру;

- мектепке дейінгі дайындық мемлекеттік тапсырыс ретінде жүзеге асырылады.

2) Алғашқы (дәрігерге дейінгі) медициналық-санитариялық көмек көрсету. (ЭҚЖЖ 86.90.0).

15. Кәсіпорынның басым міндеттері:

1) балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау, балалардың дене және психикалық денсаулығын нығайту, оларды салауатты өмір салты құндылықтарына баулу;

2) тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктері бар тәрбиеленушілер үшін дене, зияткерлік және жеке дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау;

3) сапалы мектепалды даярлықты қамтамасыз ету;

4) бала тәрбиесіндегі сенімді және тең жауапты қарым-қатынастарды қамтамасыз ету үшін отбасымен тиімді ынтымақтастық;

5) тәрбиеленушілерді тәрбиелеу, оқыту, дамыту және денсаулықты қорғау мәселелері бойынша ата-аналарға консультациялық және әдістемелік көмек көрсету;

6) баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған инклюзивті дамытушы ортаны, трансформацияланатын ойын және тақырыптық аймақтарды құру.

7) азаматтыққа және патриотизмге, өз Отаны - Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға қарсы кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу;

8) мектеп жасына дейінгі балаларды үйде тәрбиелеп отырған ата-аналарға (занды өкілдерге) әдістемелік, диагностикалық және консультациялық көмек ұйымдастыру.

16. Кәсіпорынның тәрбие-білім беру қызметі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

17. Кәсіпорынның осы Жарғыда бекітілген оның қызметінің мәні мен мақсатына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға құқығы жоқ.

18. Кәсіпорында білім беру үрдісінің қатысушылары тәрбиеленушілер, педагогтер, ата-аналар (занды өкілдер) болып табылады.

19. Кәсіпорынның білім беру қызметі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты негізінде әзірленген бағдарламалар мен оқу жұмыс жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

20. Кәсіпорын ата-аналардың (занды өкілдердің) қажеттіліктерін, отбасының және басқа ұйымдардың қажеттіліктерін, аймақтың әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктерін және ұлттық-мәдени дәстүрлерді ескере отырып, даму бағдарламасын дербес жасай алады.

21. Білім беру процесі мемлекеттік және орыс тілдерінде жүргізіледі.

22. Кәсіпорын қызметкерлері жылына 2 рет Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тегін медициналық тексеруден өтеді.

23. Басшы мен педагогтер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен аттестаттаудан өтеді.

24. Кәсіпорынның педагог қызметкерлері үшін аптасына нормативтік оқу жүктемесі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленеді.

25. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында нақты шектелген қызмет мақсаттарына қайшы не директордың жарғылық құзыретін бұза отырып жасаған мәміле тиісті саланың уәкілетті органы, жергілікті атқарушы орган бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4. Кәсіпорынды басқару

26. Жергілікті атқарушы орган заңнамада белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) Кәсіпорынды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;

2) Кәсіпорынның мүлкін пайдалану туралы, оның ішінде оны кепілге, жалға алуға, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлік басқаруға беру туралы шешімдер қабылдайды;

3) осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасымен өзіне жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

27. Кәсіпорынды жалпы басқаруды заңнамаға сәйкес тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады:

1) Жергілікті атқарушы органның атынан Кәсіпорынға қатысты коммуналдық меншік субъектісінің құқықтарын жүзеге асырады;

2) білім беруді басқару органының ұсынуы бойынша кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттарын айқындайды, Жарғыны, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізуді бекітеді;

3) білім беруді басқару органының ұсынуы бойынша коммуналдық мүлікті кәсіпорынға бекітеді;

4) білім беруді басқару органының келісімі бойынша кәсіпорынға берілген немесе ол өзінің шаруашылық қызметі нәтижесінде сатып алған мүлікті алып қоюды немесе қайта бөлуді жүзеге асырады;

5) кәсіпорын мүлкінің нысаналы және тиімді пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырады;

6) кәсіпорынға алып қойылған мүлікті кейіннен баланстан есептен шығара отырып, оны өзге тұлғаға бергенге дейін ұстау және оның сақталуын қамтамасыз ету мерзімін белгілейді;

7) кәсіпорынға өзіне бекітілген мүлікті (өзі өндірген өнімді сатуды қоспағанда) иеліктен шығаруға немесе оған билік етуге келісім береді;

8) кәсіпорынның мүлкін пайдалану туралы, оның ішінде оны кепілге, жалға, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлік басқаруға беру туралы шешімдер қабылдайды;

9) кәсіпорынды басқарудың жұмыс істеуі мен тиімділігіне мониторингті ұйымдастыруды және жүргізуді жүзеге асырады;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасымен өз құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелерді шешеді.

28. Білім беруді басқару органы:

1) қызметтің басым бағыттарын және бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстардың (көрсетілетін қызметтердің) міндетті көлемдерін айқындайды;

2) Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсатын айқындау жөнінде ұсыныстар енгізеді;

3) кәсіпорынның даму жоспарларын және олардың орындалуы жөніндегі есептерді қарайды, келіседі және бекітеді;

4) кәсіпорын мүлкінің сақталуына және кәсіпорынның даму жоспарларының орындалуына бақылауды жүзеге асырады;

5) кәсіпорын мүлкінің есебін ұйымдастырады, оның тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді;

6) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға кәсіпорынға берілген немесе ол өзінің шаруашылық қызметі нәтижесінде сатып алған мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге келісім береді;

7) кәсіпорынды басқаруды жүзеге асырады;

8) кәсіпорынның жылдық қаржылық есептілігін бекітеді;

9) Жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды жүзеге асырады;

10) кәсіпорынның таза табыстың белгіленген бөлігін жергілікті бюджетке аударуының толықтығы мен уақтылығына бақылауды жүзеге асырады;

11) кәсіпорын басшысының ұсынуы бойынша оның орынбасарын (орынбасарларын) қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

12) жыл сайын кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін белгілейді;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасымен өз құзыретіне сай өзге де мәселелерді шешеді.

29. Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган оның басшысы болып табылады.

30. Білім беруді басқару органы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы кәсіпорын басшысымен еңбек қатынастарын ресімдейді

31. Кәсіпорын басшысы дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының

заңнамасында және осы Жарғыда айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

33. Басшы:

1) кәсіпорын атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оны барлық мемлекеттік және жеке ұйымдарда танытады;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектерде кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;

3) шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) банк шоттарын ашады;

6) кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы жарғыда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының Еңбек заңнамасына сәйкес кәсіпорын қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шартын бұзады, көтермелеу шараларын қолданады және оларды жазаға тартады.

8) білім беруді басқару органына өз орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін үміткерлер ұсынады;

9) өз орынбасарларының және кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің құзыретін белгілейді;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

33. Кәсіпорын банкрот деп танылған немесе оңалту рәсімі қолданылған және Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамалық актісінде белгіленген тәртіппен уақытша, банкроттықты немесе оңалтуды басқарушы тағайындалған жағдайларда оны басқару жөніндегі барлық өкілеттіктер тиісінше уақытша, банкроттықты немесе оңалтуды басқарушыға өтеді.

34. Кәсіпорын басшысы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады:

1) тәрбиеленушілердің, қызметкерлердің құқықтары мен бостандығын бұзу;

2) өзінің құзыретіне жатқызылған функцияларды орындамау болып табылады;

3) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарын бұзу болып табылады;

4) тәрбие - білім беру процесі кезінде тәрбиеленушілер мен қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын сақтауға міндетті;

5) Қаржы-шаруашылық қызметтің жай-күйі, оның ішінде материалдық және ақшалай қаражатты дұрыс пайдаланбау, кәсіпорын мүлкінің сақталуы.

6) кәсіпорынды дамыту жоспарын іске асырудың нәтижелілігі мен тиімділігі;

7) таза табыстың белгіленген бөлігін бюджетке уақтылы аудармау.

8) нормативтік құқықтық актілерде және еңбек шартының талаптарында көзделген талаптарды бұзу, өзге де бұзушылықтар.

35. Педагогикалық, қамқоршылық кеңестер және өз қызметін Қазақстан Республикасының Білім беру саласындағы заңнамасы, тиісті саланың уәкілетті органының, кәсіпорын басшысының бұйрықтары мен шешімдері негізінде жүзеге асыратын басқарудың басқа да нысандары кәсіпорынды алқалық басқару нысандары болып табылады.

5. Кәсіпорынның Құзыреті

36. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда белгіленген шекте білім беру және тәрбие процесін жүзеге асыруда, кадрларды іріктеу мен орналастыруда, ғылыми, Қаржы-шаруашылық және өзге де қызметте дербес.

37. Кәсіпорын өз қызметін жария түрде жүзеге асырады, жұртшылықты білім беру, ғылыми-зерттеу және қаржы қызметі туралы хабардар етеді.

38. Кәсіпорынның құзыретіне келесі қызметтер кіреді:

- 1) ішкі тәртіп қағидаларын әзірлеу және бекіту;
 - 2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен кадрлардың біліктілігін арттыруды және оларды қайта даярлауды қамтамасыз ету;
 - 3) кәсіпорынды материалдық-техникалық қамтамасыз ету, жарақтандыру және жабдықтау;
 - 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін қаржылық және материалдық қаражаттың қосымша көздерін тарту болып табылады;
 - 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жұмыскерлерге өз қаражаты шегінде лауазымдық айлықақылар (мөлшерлемелер), қосымша ақылар, үстемеақылар және өзге де ынталандырушы төлемдер белгілеу жатады;
 - 6) тәрбиеленушілерді медициналық қызмет көрсетумен қамтамасыз ету;
 - 7) тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау мен нығайтуды қамтамасыз ету;
 - 8) тәрбиеленушілерді белгіленген нормалардан төмен емес ұстау жағдайларын қамтамасыз ету;
 - 9) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаржылық есептілікті ұсыну;
39. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен бес жылда бір рет мемлекеттік аттестаттаудан өтеді.

6. Кәсіпорынға қабылдау тәртібі, қарым-қатынастарды ресімдеу тәртібі

40. Санитарлық нормаларға сәйкес бір жас қағидаты бойынша жас топтарының толықтығы. Топта ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілер болған кезде топты толықтыру әрбір осындай тәрбиеленушіге тәрбиеленушілердің жалпы санын үшке азайту есебінен жүзеге асырылады.

41. Кәсіпорынға балаларды қабылдау Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы уәкілетті органы бекіткен мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарымен Ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

42. Баланың мектепке дейінгі ұйымдағы орны келесі жағдайларда сақталады:

1) баланың медициналық, санаторий-курорттық және өзге де ұйымдарда науқастануы, емделуі, сауықтырылуы (көрсетілім бойынша анықтама ұсынылған кезде);

2) ата-анасының (заңды өкілдердің) біреуіне немесе баланың өзге де заңды өкіліне жазғы кезеңде екі айға дейінгі мерзімге баланың еңбек демалысы мен сауықтырылуын беру (жазбаша өтініш берілген кезде) арқылы жүзеге асырылады.

3) елді мекенде енгізілген төтенше жағдай (әлеуметтік, табиғи, техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар), карантин кезеңіне.

43. Баланы қабылдау үшін кіру жарнасын алуға, сондай-ақ бала балабақша ұзақ уақыт болмаған немесе өткізіп алған жағдайларда орынды сақтап қалғаны үшін ақы алуға жол берілмейді.

44. Басшы балаларды кәсіпорыннан шығаруды тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша мынадай жағдайларда жүргізеді:

1) баланы күтіп-бағу үшін ай сайынғы төлемді уақтылы төлемеген (белгіленген төлем мерзімінен күнтізбелік 15 күннен артық кешіктірген);

2) бала дәлелді себептерсіз және әкімшілікке ескертусіз бір айдан астам уақыт өткізіп алған жағдайларда;

3) дәрігерлік консультациялық комиссияның анықтамасы негізінде оның болуына кедергі келтіретін медициналық қарсы көрсетілімдер болған жағдайларда тоқтатылады.

Ата-аналар немесе олардың орнындағы адамдар 10 күн бұрын баланы кәсіпорыннан шығару туралы хабардар етіледі.

45. Баланы күтіп-бағу үшін ата-аналардан (заңды өкілдерден) немесе оларды ауыстыратын тұлғалардан алынатын ай сайынғы төлемнің мөлшері баланың жасына қарамастан тамақтануға арналған шығындардың 100 пайызын құрайды.

46. Кәсіпорын балаларды ағымдағы медициналық бақылаумен, мектепке дейінгі ұйымның штатына кіретін медицина қызметкерлері жүзеге асыратын алғашқы медициналық – санитариялық көмекпен қамтамасыз етеді.

47. Кәсіпорын балалардың теңгерімді тамақтануын қамтамасыз етеді. Балаларды тамақтандыру жас ерекшеліктерін, жұмыс режимін ескере отырып жүргізіледі, оның еселігі Қазақстан Республикасы халқының санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге және Жарғыға сәйкес айқындалады.

48. Кәсіпорын тәрбиеленушілерде тамақтану мәдениетін қалыптастыруды, оның ішінде теңгерімді дұрыс тамақтануды және табиғи және жаңа өнімдерді тұтынуды насихаттау арқылы қамтамасыз етеді.

49. Кәсіпорын мен ата-аналар немесе заңды өкілдер арасындағы қарым-қатынас баланы мектепке дейінгі ұйымға қабылдау кезінде жасалатын үлгілік келісімшартпен реттеледі. Баланы мектепке дейінгі ұйымға қабылдау кезінде реттелетін өзара қатынастар келісімшарттың басқа да бөлімдері мен қосымша шарттарының болуын қарастырады.

Шартта баланың кәсіпорынға келу режимі, ата-аналардың (заңды тұлғалардың) келу тәртібі, тамақтану жиілігі, қосымша білім беру, сауықтыру қызметтерін ұсыну деңгейі мен мерзімдері, баланы мектепке дейінгі ұйымда ұстағаны үшін төлем мөлшері, қосымша ақылы қызметтер және өзге де жағдайлар айқындалады.

7. Білім алушыларды, тәрбиеленушілерді оқыту мен тәрбиелеудің білім беру процесін ұйымдастыру тәртібі, сабақ режимі

50. Оқу-тәрбие процесінің негізгі қатысушылары балалар, ата-аналар (заңды өкілдер), педагог қызметкерлер болып табылады.

51. Кәсіпорындағы оқу-тәрбие процесі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты негізінде әзірленген бағдарламалар мен оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады, сондай-ақ осы Жарғыда айқындалады.

52. Тәрбиеленушінің, ата-ананың және кәсіпорын персоналының қарым-қатынасы ынтымақтастық, оқу - тәрбие процесіне қатысушылардың өзара сыйластығы негізінде және жеке ерекшеліктеріне сәйкес тәрбиеленушіге даму еркіндігін беруді ескере отырып құрылады.

53. Кәсіпорын педагогтері тиімді оқу-тәрбие процесін қамтамасыз ету мақсатында альтернативті авторлық бағдарламаларды дербес тандайды және қолданады, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты сақталған жағдайда тәрбиелеу, оқыту және сауықтырудың жаңа технологияларын енгізеді.

54. 1 қыркүйекке жас кезеңін ескере отырып, келесі жас топтары жинақталады:

- 1) кіші топ (2 жастағы балалар);
- 2) орта топ (3 жастағы балалар);
- 3) ересек топ (4 жастағы балалар)
- 4) мектепалды даярлық тобы (5 жастағы балалар)

55. Топтар бір жас принципі бойынша жинақталады.

56. Тәрбиеленушілердің ұйымдасқан қызметінің түрлерін бөлу санитарлық нормалар мен қағидалардың талаптарына, кәсіпорынның жұмыс кестесіне сәйкес Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының үлгілік оқу жоспарына сәйкес белгіленеді.

57. Білім беру процесін ұйымдастыру ұйымдасқан қызмет түрлерін бөлумен реттеледі.

58. Ұйымдастырылған қызметтің ұзақтығы жас кезеңіне сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес белгіленеді. Үзілістердің ұзақтығы санитарлық-гигиеналық нормаларға сәйкес белгіленеді;

59. Баланың денсаулығы мен психикасының мүдделерін қорғау мақсатында тәрбиеленушілердің апта сайынғы оқу жүктемесінің және ұйымдастырылған іс-әрекеттің ұзақтығының рұқсат етілген көлемі енгізіледі.

60. Кәсіпорында балалардың болу режимі 12 (он екі) сағат 07:00-ден 19:00-ге дейін белгіленген. Сенбі және жексенбі - демалыс күндері;

61. Кәсіпорынның жұмыс режимі ішкі еңбек тәртібінің ережелерімен белгіленеді және Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуге тиіс;

62. Кәсіпорын күнтізбелік жыл бойы балалармен жұмысты қамтамасыз етеді. Оқу жылы ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінде басталып, келесі жылдың 31 мамырында аяқталады.

8. Кәсіпорынның Мүлкі

63. Кәсіпорынның мүлкін құны оның теңгерімінде көрсетілетін активтер құрайды.

64. Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды.

65. Кәсіпорынның мүлкі оған жедел басқару құқығымен тиесілі және коммуналдық меншікке жатады;

66. Кәсіпорынның мүлкі құралады:

1) оған меншік иесі берген мүлкі;

2) өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қосқанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

67. Кәсіпорынды тек оның жарғылық мақсаттарында көзделген қызметті қамтамасыз ету үшін қажет немесе осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлік басқара алады.

68. Жедел басқару құқығын алу және тоқтату, егер осы жарғыда өзгеше көзделмесе немесе осы заттық құқықтың сипатына қайшы келмесе, меншік құқығын және өзге де заттық құқықтарды алу және тоқтату үшін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген шарттарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

69. Жемістер, өнімдер, жедел басқарудағы мүлікті пайдаланудан түсетін кірістер, сондай-ақ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша сатып алған мүлік меншік құқығын алу үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның жедел басқаруына түседі.

70. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның шешімінде өзгеше белгіленбесе, оған қатысты Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган оны Кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдаған мүлікті жедел басқару құқығы Кәсіпорында мүлікті оның теңгеріміне бекіту сәтінде туындайды.

71. Кәсіпорынның негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен шығаруға құқығы жоқ.

72. Кәсіпорынның мүлкіне жедел басқару құқығы меншік құқығын тоқтату үшін Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінде көзделген негіздер бойынша және тәртіппен, сондай-ақ «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

73. Осы Жарғының 71- тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Жарғыда көзделген жағдайларды қоспағанда, кәсіпорын негізгі құралдарға жататын өзіне бекітілген мүлікті иеліктен шығаруға немесе оған өзге де тәсілмен билік етуге, дебиторлық берешекті құрылтайшының жазбаша келісімімен ғана беруге және есептен шығаруға құқылы.

74. Кәсіпорын өзіне жедел басқару құқығымен бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

75. Осы Жарғының 73 - тармақтарында көрсетілген мүлікпен жасалған мәмілелерден алынған ақшаны жергілікті атқарушы орган пайдаланады.

9. Кәсіпорын қызметін қаржыландыру

76. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражат есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

77. Кәсіпорын өзі өндіретін тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) дербес өткізеді.

78. Кәсіпорын өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың көрсетілетін қызметтердің) бағаларын білім басқармасы белгілейді.

79. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Жарғыда көзделмеген қызметті жүзеге асырудан кәсіпорын алған табыстар, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құрылған, іске асырылатын қызметтерге белгіленген бағаларды көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады. Мүлікті бухгалтерлік есеп қағидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, олар алып қойылуға жатады.

10. Кәсіпорынның жарғылық капиталы

80. Кәсіпорынның жарғылық капиталы Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның атынан меншік иесінен алынған мүліктен жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін басқармаға қалыптастырылады.

11. Кәсіпорынның есебі және есептілігі

81. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына және ұлттық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес тиісті саланың уәкілетті органымен келісім бойынша кәсіпорын директоры бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

82. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есептілігіне мыналар кіреді: бухгалтерлік баланс, кірістер туралы есеп, ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп, капиталдағы өзгерістер туралы есеп, түсіндірме жазба.

12. Кәсіпорынның Жауапкершілігі

83. Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзінің иелігіндегі ақшамен жауап береді. Осы заңды тұлға таратылған жағдайларды қоспағанда, кәсіпорынның қалған мүлкінен өндіріп алуға жол берілмейді.

84. Жедел басқару құқығындағы кәсіпорын мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Ақша жеткіліксіз болған жағдайда оның міндеттемелері бойынша әкімшілік-аумақтық бірлік облыстық бюджет қаражаты есебінен субсидиялық жауаптылықта болады.

13. Еңбек ұжымымен қарым-қатынас

85. Кәсіпорын әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қарым-қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

86. Педагогикалық қызметпен айналысуға тиісті білім және біліктілік деңгейі туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттармен расталатын тиісті бейіндер бойынша арнайы педагогикалық немесе кәсіптік білімі бар адамдар жіберіледі.

87. Кәсіпорынның педагогикалық қызметкерлері міндетті:

- 1) өзінің кәсіби құзыреті саласында тиісті теориялық және практикалық білім мен оқыту дағдыларына ие болуға;
- 2) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес ұсынылатын білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ету;
- 3) тәрбиеленушілерді жоғары адамгершілік, ата-аналарға құрмет, этномәдени құндылықтар, қоршаған әлемге ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;
- 4) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жеке және шығармашылық қабілеттерін анықтау және дамытуға жәрдемдесу;
- 5) өзінің кәсіби шеберлігін, зияткерлік, шығармашылық және жалпы ғылыми деңгейін ұдайы жетілдіруге;
- 6) кемінде бес жылда бір рет аттестаттаудан өтуге міндетті;
- 7) педагогикалық әдеп қағидаларын сақтауға міндетті;
- 8) тәрбиеленушілер мен олардың ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;
- 9) өмірлік қиын жағдайға тап болған бала анықталған сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасы жүйесінің органдарын хабардар етуге міндетті.

88. Педагог қызметкердің міндеттерін бұзғаны және атағына нұқсан келтіретін теріс қылық жасағаны үшін педагог қызметкер Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа тартылуы мүмкін.

89. Кәсіпорынның жұмыс режимі ішкі еңбек тәртібінің ережелерімен белгіленеді және Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуге тиіс.

14. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

90. Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын тиісті саланың уәкілетті органы белгілейді.

91. Еңбекке ақы төлеу нысандарын, штат кестесін, лауазымдық айлықақылар мөлшерін, сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін белгіленген еңбекке ақы төлеу қорының шегінде Кәсіпорын дербес айқындайды.

92. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленеді.

15. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

93. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату заңдарда белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе құрылтайшының шешімі бойынша жүргізіледі.

94. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды құрылтайшының келісімі бойынша тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

95. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды білім беруді басқару органы жүзеге асырады.

96. Кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның мүлкін мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган қайта бөледі.

97. Кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған кәсіпорын мүлкін өткізу нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, таратылған Кәсіпорынның ақшасы облыстық бюджеттің кірісіне есептеледі.

16 тарау. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

98. Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар білім беруді басқару органының ұсынуы бойынша Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның бұйрығымен енгізіледі.

Шығыс Қазақстан облысы
білім басқармасы Өскемен қаласы
бойынша білім бөлімінің
№8 «Мирас» балабақша-бөбекжайы» КММК
басшысы



Ф. Уалханова

Шығыс Қазақстан облысы
білім басқармасы
«Өскемен қаласы бойынша
білім бөлімі» ММ
басшысы



С. Алагузова

Шығыс Қазақстан облысы
білім басқармасы» ММ
басшысы



И. Чернышёва

Утвержден
Приказом
ГУ «Управление финансов
Восточно-Казахстанской
области»
«29» февраля 2024 года
№ П-88 (к)

**Устав
коммунального государственного казенного предприятия
«Детский сад-ясли №8 «Мирас» отдела образования
по городу Усть-Каменогорску управления образования
Восточно-Казахстанской области**

1. Общие положения

1. Коммунальное государственное казенное предприятие «Детский сад-ясли №8 «Мирас» отдела образования по городу Усть-Каменогорску управления образования Восточно-Казахстанской области (далее – Предприятие) является юридическим лицом в организационно-правовой форме государственного предприятия на праве оперативного управления.

2. Учредителем Предприятия является Восточно-Казахстанский областной акимат (далее – Местный исполнительный орган).

3. Органом, осуществляющим управление Предприятием, является государственное учреждение «Отдел образования по городу Усть-Каменогорск» управления образования Восточно-Казахстанской области (далее – Орган управления образованием).

4. Органом, осуществляющим по отношению к Предприятию функции субъекта права в отношении имущества Предприятия, является государственное учреждение «Управление финансов Восточно - Казахстанской области» (далее - Уполномоченный орган по государственному имуществу).

5. Наименование Предприятия: Коммунальное государственное казенное предприятие «Детский сад-ясли №8 «Мирас» отдела образования по городу Усть-Каменогорску управления образования Восточно - Казахстанской области.

6. Место нахождения Предприятия: Республика Казахстан, Восточно-Казахстанская область, город Усть-Каменогорск, Проспект Шәкәрім дом 157/2, почтовый индекс 070002.

2. Юридический статус Предприятия

7. Предприятие считается созданным и приобретает права юридического лица с момента его государственной регистрации.

8. Предприятие имеет самостоятельный баланс, счета в банках в соответствии с законодательством, бланки, печать с изображением Государственного Герба Республики Казахстан и наименованием Предприятия.

9. Предприятие не может создавать юридические лица, а также выступать учредителем (участником) другого юридического лица, за исключением случаев, предусмотренных законами Республики Казахстан.

10. Предприятие может создавать филиалы и представительства в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

